"Қазақстан мұғалімі" № 11-12 22 маусым 2013 ж

# Кітапханадағы КЕШ

Қазақ елінің елдігі мен ертеңін ойлап, кам жеген, туған халқының көкірегіне сәуле құюды мақсат еткен қазақтың көптеген асыл азаматтары өткен ғасырдың 30-жылдарында тағдыр тауқыметін тартып, жазықсыз жапа шегіп, қиянат құрбандығы болды. Солардың бірі XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының аса көрнектісі, қоғам қайраткері, жан-жақты білімдар зерттеуші ғалым, қаламгер, ағартушы-педагог, тарихшы, қазақтан шыққан тұңғыш жоғары білімді дәрігер, халқымыздың біртуар перзенті, профессор – Халел Досмұхамедұлы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының ұйымдастыруымен қоғам және мемлекет қайраткері, қаламгер, зерттеуші ғалым, дәрігер, ұстаз Халел Досмұхамедұлының туғанына 130 жыл (1883-1939ж.ж.) толуына арналған "Ағартушы. Ғалым. Қайраткер" атты еске алу кеші болып өтті.

Халел Досмұхамедұлы қазақ ғылымының қалыптасуына орасан еңбек сіңірді. Мұрасы алуан қырлы ғылым саласына медицина, тіл білімі, тарих, этнография және әдебиет жанрлары бойынша қыруар дүниелер қалдырды.

Кешке Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің магистратура және PHD докторонтура институтының Гуманитарлық мамандықтар кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы Мәмбет Қойгелдиев, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтынан аға ғылыми қызметкер, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Гүлнұр Өскембаева, ғылыми қызметкер, тарих ғылымдарының кандидаты Құралай Қожақанова, аға ғылыми қызметкер Рашид Оразов қатысып – "Халел Досмұхамедұлының азаматтық ұстанымы", "Қайраткер Халел Досмұхамедұлы", "Халел Досмұхамедұлы және қазақ тарихының кейбір мәселелері", "Халел Досмұхамедұлының педагогика саласындағы қызметі" тақырыптарында сөз сөйлеп, Халел Досмұхамдұлының өмірі, еңбегі, қоғам қайраткерлігі, ағартушылығы, ғалымдығы және шығармалары туралы өз ойларын ортаға салды.

Халел Досмұхамедұлының өмірі мен қызметі туралы қысқаша хабарламаны жасаған Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхананың қызметкері Клара Иманбекова.

"Ағартушы. Ғалым. Қайраткер" атты еске алу кешін жүргізген осы кітапхананың қызметкері Әлия Оразова.

Кітапхана осы кешке арнап Халел Досмұхамедұлының өмір жолы мен еңбектеріне арналған "Ағартушы. Ғалым. Қайраткер" атты тақырыптық кітап көрмесін ұйымдастырды.

Кешке Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарының студенттері, ғылыми қызметкерлер, кітапхана оқырмандары қатысты.

Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, қаламгер әрі зерттеуші ғалым, халқының жан саулығы мен тән саулығының шипагері бола білген Халел Досмұхамедұлының қоғамдық-саяси қызметтері, мәдени-ағартушылық, тәлім-тәрбиелік көзқарасы, ұстанған идеялық бағыт-бағдарлары бүгінгі жас ұрпақтың жадында сақталып қана қоймай, келешектегі игілікті істеріне үлгі-өнеге болуы тиіс.

Өнегелі есімдерді бүгінгі ұрпақтың санасына жеткізу, барша білім беру жүйесі қызметкерлерінің, көпшілік қауымның қасиетті борышы.

**Л.БЕКТІБАЕВА,**
**Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету бөлімшесінің басшысы.**

Алматы.